


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(9)2025



ӘӨЖ 069.12 (37.013.5)

**ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙДЕ
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ: «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МУЗЕЙ-
ҚОРЫҒЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ***А.Х. Тұрсынов*

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада музейлердегі үйірме жұмыстарын ұйымдастырудың тарихи-мәдени мұраларды насихаттаудағы маңызы қарастырылады. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында 2024 жылдың қазан айынан 2025 жылдың ақпан айы аралығында мектеп оқушыларына арналған үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы зерттеледі. Мақалада музей педагогикасының әдіс-тәсілдері арқылы оқушыларды тарту, қосымша білім беру бағдарламаларының тиімділігі және музей-қорықтағы қысқа мерзімді үйірме сабақтарының ерекшеліктері талданады. Зерттеу нәтижелері музейлердің білім беру және мәдениет саласындағы рөлін арттыруға, тарихи-мәдени мұраны насихаттауға бағытталған жаңа тәсілдерді дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу нысаны ретінде «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында оқушыларға арналып ұйымдастырылған үйірме жұмыстары алынды. Үйірме сабақтары негізінен мектеп оқушылары арасында жас ерекшелігіне қарай: 7-8 сынып оқушылары; 9-10 сынып оқушылары болып 2 топқа бөлініп ұйымдастырылды. Алдын-ала бекітілген тақырыптық жоспар негізінде жүйелі түрде оқытылатын үйірме сабақтары теориялық және практикалық бөліктерден тұрады. Онда «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты археологиялық ескерткіш нысандарының тарихы, өткені мен бүгіні туралы, Түркістан тарихына қатысты ақпараттар, өлкедегі өзге де ескерткіштер туралы оқыту қарастырылған. Оқытылатын сабақтар жекелеген топтарға бөлініп, әр топта 8-10 оқушыға дейін болады. Үйірме оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарында ұйымдастырылып, 2024 жылы мектеп оқушылары арасынан «Жас археолог», «Жас реставратор» үйірмелеріне алғашқы қабылдау болды.

Материалдар мен зерттеу әдістері: Тақырыпты зерттеу барысында келесі материалдар мен әдістер қолданылды. Зерттеу материалдары ретінде музей ісі мен тарихи-мәдени мұраны насихаттау бағыттарындағы ғылыми жарияланымдар, музей-қорықтағы үйірме жұмыстарының жоспары, бағдарламалары, өткізілген сабақтардың қорытындылары зерттелді.

Музей-қорықтағы үйірме жұмыстарын терең талдау үшін сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Бұл әдіс арқылы үйірме сабақтарының мазмұны, әдіс-тәсілдері мен қатысушылардың тәжірибелері зерттелді. Музей-қорықтың үйірме жұмыстарының бағдарламалары мен материалдары контент-талдау әдісі арқылы зерттелді, бұл үйірмелердің тарихи-мәдени мұраларды насихаттаудағы маңызын анықтауға мүмкіндік берді.

Тірек сөздер: жас археолог, жас реставратор, музей педагогикасы, тарихи-мәдени мұра, үйірме.

Сілтеме жасау үшін: Тұрсынов А.Х. Тарихи-мәдени мұраны насихаттаудағы музейде ұйымдастырылатын үйірме жұмыстары: «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының тәжірибесінде // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 80-87 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.09

ОРГАНИЗАЦИЯ МУЗЕЙНОЙ КРУЖКОВОЙ РАБОТЫ ПО ПРОДВИЖЕНИЮ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ: НА ОПЫТЕ МУЗЕЯ-ЗАПОВЕДНИКА «АЗРЕТ СУЛТАН»

А.Х. Турсынов

Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» (Казахстан)

Аннотация. В статье рассматривается значение организации групповой деятельности в музеях в пропаганде историко-культурного наследия. В Национальном историко-культурном музее-заповеднике «Азрет Султан» с октября 2024 года по февраль 2025 года будет изучаться организация клубной деятельности школьников. В статье анализируется эффективность программ дополнительного образования и особенности краткосрочных групповых занятий в музее-заповеднике, привлекающих обучающихся методами музейной педагогики. Результаты исследования способствуют повышению роли музеев в сфере образования и культуры, разработке новых подходов, направленных на популяризацию историко-культурного наследия.

В качестве объекта исследования была представлена работа кружка, организованного для учащихся при Национальном историко-культурном музее-заповеднике «Азрет Султан». Занятия клуба проводятся в основном среди школьников в зависимости от возраста: учащиеся 7-8 классов; учащиеся 9–10 классов были разделены на две группы. Групповые занятия, которые проводятся систематически на основе заранее утвержденного тематического плана, состоят из теоретической и практической частей. В нем представлена информация об истории, прошлом и настоящем археологических памятников, входящих в состав Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан», сведения об истории Туркестана и других памятниках региона. Занятия проводятся в отдельных группах, каждая из которых состоит из 8-10 учеников. Работа клуба была организована в свободное от учебы время учащихся, а в 2024 году был осуществлен первый набор в кружки «Юный археолог» и «Юный реставратор» среди школьников.

Материалы и методы исследования. В ходе исследования темы были использованы следующие материалы и методы. В качестве исследовательских материалов были изучены научные публикации в области музейного дела и пропаганды историко-культурного наследия, планы и программы клубной деятельности в музее-заповеднике, выводы занятий.

Качественные методы исследования были использованы для углубленного анализа коллективной работы в музее-заповеднике. С помощью этого метода изучались содержание, методы и опыт участников. Программы и материалы клубов музеев-заповедников были изучены методом контент-анализа, что позволило определить значение клубов в популяризации историко-культурного наследия.

Ключевые слова: историко-культурное наследие, кружок, музейная педагогика, юный археолог, юный реставратор.

Для цитирования: Турсынов А.Х. Организация музейной кружковой работы по продвижению историко-культурного наследия: на опыте музея-заповедника «Азрет Султан» // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 80-87. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.09

ORGANIZING MUSEUM CIRCLE WORK TO PROMOTE HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE: BASED ON THE EXPERIENCE OF THE AZRET SULTAN MUSEUM-RESERVE

A.Kh.Tursynov

National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan" (Kazakhstan)

Abstract. The article considers the importance of organizing club activities in museums in promoting historical and cultural heritage. The organization of club activities for schoolchildren in the National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan" from October 2024 to February 2025 is studied. The article analyzes the methods and techniques of museum pedagogy, the effectiveness of additional educational programs, and the features of short-term club classes in the museum-reserve. The results of the study contribute to the development of new approaches aimed at increasing the role of museums in the field of education and culture, and promoting historical and cultural heritage.

The object of the study was the work of the club organized for students at the National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan". Club classes are held mainly among schoolchildren depending on their age: students of grades 7-8; students of grades 9-10 were divided into two groups. Group classes, which are held systematically on the basis of a pre-approved thematic plan, consist of theoretical and practical parts. It provides information about the history, past and present of archaeological sites that are part of the National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan", information about the history of Turkestan and other monuments of the region. Classes are held in separate groups, each of which consists of 8-10 students. The work of the club was organized in students' free time, and in 2024, the first recruitment to the "Young Archaeologist" and "Young Restorer" clubs among schoolchildren was carried out.

Materials and research methods. The following materials and methods were used in the study of the topic. Scientific publications in the field of museum work and the promotion of historical and cultural heritage, plans and programs of club work in the museum-reserve, and the results of the lessons held were studied as research materials.

Qualitative research methods were used to deeply analyze the club work in the museum-reserve. Using this method, the content of club lessons, methods and approaches, and the experiences of the participants were studied. The programs and materials of the club work of the museum-reserve were studied using the content analysis method, which made it possible to determine the significance of the clubs in the promotion of historical and cultural heritage.

Keywords: club, historical and cultural heritage, museum pedagogy, young archaeologist, young restorer.

For citation: Tursynov A.Kh. Organizing museum circle work to promote historical and cultural heritage: based on the experience of the Museum-Reserve "Azret Sultan" // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 80-87. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.09

Кіріспе. Музей білім мен тәрбие ошағы ретінде қоғамның мәдени және білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Музейлер тек тарихи жәдігерлерді сақтап қана қоймай, сонымен қатар, келушілерге білім беру, тарихпен таныстыру және мәдени тәрбиелеу құралы. Сол тәрбие мен білім беру функцияларын жүзеге асыруда бізге музей педагогикасының әдістерін жүйелі әрі дұрыс пайдалану жемісті болмақ.

Музей педагогикасы бұл музей қызметкері мен музей педагогының ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік қызметін қоса қамтитын ғылым саласы. Музей педагогикасы музей ісі, тарих, психология, өлкетану, өнертану ғылымдарымен өзара тығыз байланыса отырып, музей қоры арқылы мәдениет пен өнер саласын меңгеруді жаңа деңгейге көтереді [Кетова, 2012: 16]. Музей саласында музей педагогикасының әдіс-тәсілдерін мейлінше кең қолдану, оған жоспарлы түрде қарау заман талабы.

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы халқымыздың тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау, сақтау, қайта қалпына келтіру, зерттеу және насихаттау бағыттары бойынша жұмыс істейді.

Нәтижелер және талқылау. Музейдің қоғам алдындағы негізгі миссиясының бірі ағартушылық қызметі. Бұл туралы ресейлік музейтанушы маман Е.Б. Медведеваның еңбегінде музей педагогикасы пән ретінде музей ісі ғылымының негізгі құрамдас бөлігі болып қалыптасуда бірнеше даму кезеңдерінен өткендігін айтады:

1. 1880-1920 жылдары музейді білім беру мекемесі ретінде қоғамда тану, келушілермен жұмыс істеуге байланысты мұражай қызметінің ерекше бағытын құру;

2. 1930-1940 жылдары музей педагогикасының теориясы мен тәжірибесін мұражай мен мектептің өзара әрекеттесу тұжырымдамасымен байыту;

3. 1960-1990 жылдары музей педагогикасының ғылыми пән ретінде қалыптасу [Медведева, 2003: 82] кезеңдері.

Музейлердің қызметі мен миссиясын түсінуде бір шеңбердің аясында қарастырмай, оны кеңінен талдасақ музейге келушілерді бірнеше аспектілер бойынша топтарға бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Оларға келу мақсатына қарай, жас ерекшелігі, қатысу сипаты, қолжетімділік деңгейі, географиялық шығу тегі, келу жиілігі секілді аспектілер жатады. Жас ерекшелігі бойынша бөліп, сол топқа енетін контингентті музейге тарту жұмыстары кезінде музей педагогикасының әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы сәтті жұмыстар жүргізіп отырған мекемелер бар.

Солардың бірі «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы. Бүгінгі мақаламызда осы музей-қорықта оқушыларға арнап ұйымдастырылып жатқан үйірме жұмыстары туралы болмақ. Зерттеу нысанымыз ретінде музей-қорықта 2024 жылдың қазан айынан 2025 жылдың ақпан айы аралығында ұйымдастырылған мектеп оқушыларына арналған үйірме жұмыстарының қызметін алдық.

Мектептегі оқыту жүйесі арнайы оқу бағдарламасы арқылы жүргізіледі және пәндер мен курстар бойынша ұйымдастырылады. Сонымен бірге мектептегі оқу жүйесі белгілі бір уақытпен шектеліп, білім деңгейі бақыланып отырады. Ал музей болса, білім берудің формальді емес бағыты бойынша жұмыс істейді. Музейге келушілер өз уақыттарының бос кезінде және белгілі бір құжаттардың негізінсіз келеді. Олар өздерінің жас ерекшеліктері, қызығушылықтары мен әлеуметтік деңгейі бойынша әртүрлі болып келеді [Егізбаева, Жұматаев, 2012: 66].

Қосымша білім беру бағдарламаларына енген үйірме жұмыстары мектептерде жүйелі жолға қойылған. Еліміздің мектептеріндегі үйірмелер күнтізбелік тақырыптың жоспары аясында оқу жылы бойына өткізілсе, ал біздің музей-қорықта үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы қысқа мерзімді (90 академиялық сағатқа жоспарланған үйірме сабақтарын өту төрт айға созылды) сипат алды.

Үйірме сабақтары негізінен мектеп оқушылары арасында жас ерекшелігіне қарай: 7-8 сынып оқушылары; 9-10 сынып оқушылары болып 2 топқа бөлініп ұйымдастырылды. Алдын-ала бекітілген тақырыптық жоспар негізінде жүйелі түрде оқытылатын үйірме сабақтары теориялық және практикалық бөліктерден тұрады. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығына қарасты археологиялық ескерткіш нысандарының тарихы, өткені мен бүгіні туралы, Түркістан тарихына қатысты ақпараттар, өлкедегі өзге де ескерткіштер туралы оқыту қарастырылған. Оқытылатын сабақтар жекелеген топтарға бөлініп, әр топта 8-10 оқушыға дейін болады. Үйірмені оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарында ұйымдастыру басты назарда болуы тиіс.

Сонымен, 2024 жылы қазан айында «Жас археолог», «Жас реставратор» үйірмелеріне алғашқы қабылдау болды. Оқу процесінің барысында үйірмеге мектепте 10-сынып оқитын 8 оқушыдан қабылданды.

«Жас археолог» үйірмесі мектеп оқушылары арасында ұлттық тарихи-мәдени ескерткіштер мен рухани құндылықтарды қорғау, сақтау және құрметтеу бағытында

тәрбие жұмысын жүргізу үшін құрылды. Үйірменің негізгі мақсаты үйірме қатысушыларына өлкеміздің тарихын кеңінен насихаттай отырып, халқымыздың тарихы мен руханиятына, мәдениеті мен дәстүріне деген сүйіспеншілікті арттыру. Археология саласында оқушылардың алғашқы теориялық және практикалық түсініктерін қалыптастырып, үйірме қатысушылары арасында археология ғылымына деген қызығушылығын туғызу үйірме жұмысының негізгі міндеті саналады.

Үйірменің алғашқы сабағы археология және реставрация ғылымдарына кіріспе түрінде теориялық дәріс түрінде өтті. Мұнан бөлек археологияның тарих ғылымының ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы ретіндегі орны, археологиялық қазба жұмыстарының түрлері мен ерекшеліктері туралы, елімізде археология саласының қалыптасуы жайында сабақтар ұйымдастырылды.

Түркістан оазисіндегі тас дәуіріне және сол кезеңнің археологиялық ескерткіштеріне кеңінен тоқталдық. 1993-2000 жж. А.П.Деревянко және Ж.Таймағамбетовтың жетекшілігімен Қазақстан-Ресей біріккен археология экспедициясы Түркістаннан 18-30 км қашықтықта орналасқан Қосқорған және Шоқтас елді-мекендерінің жанынан тас дәуірінің ескерткіштерін зерттейді. Ғылымда Қосқорған 1-2, Шоқтас 1-5 атауларымен белгілі бұл тұрақтарда адамдар плеолит кезеңінде, яғни, б.з.д. 522-501 мыңыншы жылдардан б.з.д. 448-427 мыңыншы жылдар аралығында өмір сүрген [Деревянко және т.б., 2000: 3-155.]. Оқушылар музей-қорықтың қорында сақтаулы тұрған тас дәуірінің жоғарыда аталған қоныстардан табылған тарихи жәдігерлер мен адамдардың алғаш ең алғаш қолданған тастан жасалған еңбек құралдарымен танысты. «Қолмен ұстауға болады» деген тақырыпта тас және қола дәуірінің археологиялық жәдігерлерін өз қолдарымен ұстап көрді (1-ші сурет).

Өлкеде қола дәуірінің археологиялық ескерткіштері деп Шербай және Шыпан қорымдары айтамыз. Шербай қорымына 2000 жылы ТАЭ Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізіп, мұнда б.з.д. ХҮІ – ХІІ ғғ. өмір сүрген адамдар жерленгендігі анықталып, 300-ге тарта қыштан, металдан жасалған жәдігерлер табылып зерттелген [Тұяқбаев, 2002: 82-85]. Аталмыш қорымдар жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары мен олардың зерттеу нәтижелері келесі сабақтардың тақырыбына айналды.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығына қарасты тарихи-мәдени ескерткіштер 3 типологиялық түрге бөлінеді: 1) Сәулет-құрылыс ескерткіштері; 2) Археологиялық ескерткіштер; 3) Киелі объектілер. 2016 жылы жарыққа шыққан «Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер» жинағында Түркістан өңіріндегі археологиялық ескерткіштер бөліміне енген 61 қала мен қоныстар 4 кезеңге бөлініп сипатталады: 1. Ерте ежелгі дәуір ескерткіштері (б.з.д. VI–б.з.д. I ғғ.), 2. Кейінгі ежелгі дәуір ескерткіштері (б.з.д. I–б.з.д. IV-V ғғ.), 3. Ерте және дамыған ортағасырлар ескерткіштері (V–XV ғғ.), 4. Кейінгі ортағасыр ескерткіштері (XV–XVIII-XIX ғғ.) [Әубәкір, 2016: 34-111].

1996-2019 жж. Түркістан археологиялық экспедициясы Түркістан оазисіндегі 59 қала мен қонысты зерттеуі нәтижесінде бұрын ғылымға белгілі де, белгісіз 38 ежелгі заман (б.з.д. VI-V ғғ. – б.з. VI-VIII ғғ.) ескерткіштерін анықтаған болатын [Тұяқбаев, Тұрсынов, 2024: 113]. Сол ескерткіштер мен археологиялық нысандардағы зерттеулер туралы жекелеген лекциялар ұйымдастырылды. Жеке тақырып ретінде Сауран археологиялық сәулеттік кешенінде, Ясы-Күлтөбе және Ескі Түркістан қала жұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары туралы дәрістер оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Оқушыларға арналған үйірме сабақтарының практикалық бөлімінде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының қорғау аймағында орналасқан XVI-XIX ғғ. жататын Хан Ордасы сәулет құрылыс нысанында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде аршылған тұрмыстық бөлмелер мен оның құрамдас бөліктері, музейлендірілген мәдени қабаттармен танысты. Ясы-Күлтөбе қалашығындағы далалық

археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған ескі қала орны мен ортағасырлық Сауран қаласына танымдық экспедиция ұйымдастырылды. Саурандағы ашық аспан астындағы музейге айналдырылған ХҮ-ХҮІ ғасырлардың мәдени қабаты саналатын мешіт, ханака, медресе, қорғаныс қамалдарының құрылысын тамашалады.

«Жас реставратор» үйірмесі бірінші практикалық сабақтардан тұрды. Бірінші сабақ реставрация ғылымының маңызы мен археологиялық қазба нәтижесінде табылған тарихи-мәдени мұраларды сақтауда, зерттеуде, оны насихаттауда реставратордың атқаратын қызметі туралы айтылды. Арнайы жасалған қорапқа құм толтырып, оған оқушылар үйірме барысында өздері қалпына келтіретін сынық құмыралар мен археологиялық қазбада табылатын тұрмыстық және басқа да археологиялық жәдігерлерді көміп қойдық. Үйірме қатысушылары кәсіби архелогтар секілді қазба барысында қолданатын құрадар (қалақтар, щеткалар) арқылы жәдігерлерді топырақ астынан аршып алды (2-ші сурет). Жұмыстың келесі сатысы ретінде аршылып алынған керамика қалдықтарын топырақ шаңнан тазалап жуып кептірді. Музей-қорықтың реставратор мамандарының нұсқауымен табылған жәдігерге екінші өмір сыйлауға көшті. Аршып алынған жәдігердің бөліктерін желімдеп, табылмаған бөліктерінің ішкі жағына ермексазбен қалыбын жасап алып оның сыртын гипспен толықтырып, оны кептіріп тегістеу секілді әдіспен жәдігерді барынша түпнұсқаға жақындатып қалпына келтіреді. Гипстері кеуіп дайын болған құмыраның сыртын түпнұсқа түсіне бояп әзірлейді.

Үйірме сабақтары барысында оқушылардың дәрістерді меңгеруі мен үйірме сабақтарына қызығушылығы үнемі бақылауда болды. Әр сабақтан соң оқушылар таратылған параққа сабақта алған әсерлері мен сабақ өтудегі өзгеше әдіс-тәсілдері туралы жазып отырды. Бұл әдісті қолдануымыздағы басты себеп, оқушылардың біз ұсынып отырған сабақ өту әдіс-тәсілдерімізді жетілдіруге, коммуникацияның өзгеше түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Нәтиже де жаман болмады. Бір оқушыдан келесі сабақта тик-ток видео түсіру туралы ұсыныс түсті. Үйірмеден үйрендім айдарымен музей-қорықтың әлеуметтік желідегі парақшасына арнап танымдық видео түсіруді бастады. Бір оқушы керамикалық құмыралардың қалпына келтіру процесі туралы баяндаса, енді бірі Түркістан өлкесінен табылған жәдігерлер туралы айтып шықты. Түркістан қаласынан 30 шақырым жерде орналасқан тас дәуірінің ескерткіштері Шоқтас және Қосқорған қоныстарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары туралы видеомызды мектептердің тарих пәні мұғалімдері өз сабақтарында қосымша құрал ретінде қолдану практикасы іске асты. Әрине оқушы тарапынан жасалған ұсыныстың тарихи жәдігерлер мен археологиялық ескерткіштерге деген қызығушылықты арттыруда қосқан үлесі осы тұста өте үлкен деп санаймыз.

Музей-қорықта ұйымдастырылған «Жас археолог» және «Жас реставратор» үйірмелерінің ұзақтығы 90 академиялық сағатқа созылды. Үйірмені аяқтаған оқушыларға музей әкімшілігінен арнайы сертификаттар табысталды (3-ші сурет). Оқушылар үйірме барысында өткен археологиялық ескерткіштердің бірін таңдап, сол тақырып бойынша музей қызметкерлері алдында презентация түрінде қорғап шықты. Яссы-Күлтөбе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Хан мешіті мен Сауран қаласы туралы зерттеген оқушылардың өзіндік жұмыстарын ерекше атап өту керек. Аталған әр нысан бойынша оның тарихы, онда жүргізілген археологиялық зерттеулер мен қазіргі жай-күйі туралы мектеп оқушысына лайықты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оқушылардың әр тақырып бойынша тыңғылықты ізденістері мен ол нысандарды насихаттауда алға тартқан ұсыныстары салмақты болып шықты. Мектептегі пән мұғалімдері үшін алдағы уақытта тарих және өлкетану секциялары бойынша өтетін оқушылар арасындағы ғылыми жоба жарыстарына дайын кейс бола алды.

Қазіргі музейлердің білім беру қызметін оның мектеппен өзара әрекеттесуі негізінде қамтамасыз ету үшін мына ұстанымдарды пайдалану қажет: – музей жинақтарының қоғамның кез келген әлеуметтік және кез келген жастағы топтары үшін

ашықтығы және қолжетімділігі; – музей экспозициясында өткен дәуірлердің тарихи-мәдени куәлары – музей ескерткіштерінде бейнеленген дүние келбетінің көрініс табуы; – музей көрмесінің диалогтілігі (өткен мен бүгіннің арасындағы, ескерткіш пен келуші арасындағы, музей қызметкері мен мұғалім, оқушы арасындағы, т.с.с. диалог) [Егізбаева, Жұматаев, 2012: 67].

Қорытынды. Біздің музей-қорықта ұйымдастырылатын үйірме жұмыстарының тарихи-мәдени мұраларды насихаттаудағы орны айрықша. Үйірме жұмыстарын үйлестіруде музейдің білім беру функциясына мектептің дәстүрлі педагогикалық әдістері қолданылды: үйірмеге қатысушы оқушылардың сабаққа тұрақты қатысуын назарда ұстау; әр оқушымен кері байланыс жасап отыру; оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шындауға түрлі тапсырмалар беру арқылы үйірме тақырыптарын барынша меңгерту. Музей-қорық қорындағы жәдігерлерді үйірме сабақтарында пайдалану басты құралымыз болды. Оқушылардың қатысуымен әлеуметтік желідегі парақшаларымызда барынша насихат жұмыстары жүргізіліп отырды.

Ағымдағы жылдан бастап «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында құрылымдық өзгерістер болды. Арнайы музей педагогикасы бөлімі құрылып оқушыларға арналған үйірме жұмыстарына жаңа дем берді. «Жас археолог», «Жас реставратор» үйірмелерімен қатар «Жас экскурсовод» үйірмесінің бағдарламасын бекіттік. Музей-қорық мамандарының мектеп оқушыларымен тарихи-мәдени мұраларды насихаттаудағы жұмыстардың әдістемелік нұсқаулықтар даярлануына мүмкіндік ашылды.



(1-ші сурет)



(2-ші сурет)

(3-ші сурет)

ӘДЕБИЕТ

Әубәкір Ж.М. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер: деректі тарихи-танымдық жинақ. Алматы. 2016. 34-111 бб.

Дервянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К., Исабеков З.К., Рыбалко А.Г., Раннепалеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана. Новосибирск. 2000. С. 3-155.

Егізбаева М., Жұматаев Р. Музей педагогикасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2012. 65-67 бб.

Кетова Л.М. Музейная педагогика как инновационная педагогическая технология. Екатеринбург. Россия. 2012. С. 16.

Медведева Е.Б. Музейная педагогика в Германии и России: История и современность. Учебное пособие. М.: АПРИКТ, 2003. С. 92.

Тұяқбаев М.Қ. Қола дәуірінен жеткен ескерткіш // Ясауи университетінің хабаршысы. Түркістан. 2002. №3. 82-85 бб.

Тұяқбаев М.Қ., Тұрсынов А.Х. Ұлы жібек жолы бойындағы Түркістан шұраты қалалары. *Turkic historical studies*. № 3. 2024. Б. 113.

REFERENCES

Aubakir Zh.M. Monumenta historica et culturalia in regione Turkestanica: collectio documentalium historica et scholastica. Almaty. 2016, pp. 34-111. (In Kazakhstan)

Derevyanko A.P., Petrin V.T., Taymagambetov Z.K., Isabekov Z.K., Rybalko A.G. Primae complexiones microindustriales Palaeolithicae in travertinis Kazakhstanorum Australium. Novosibirsk. 2000, pp. 3-155. (In Russian)

Egizbayeva M., Zhumatayev R. Museum paedagogium: artem. Almaty: Kazakh University. 2012, pp. 65-67. (In Kazakh)

Ketova L.M. Paedagogia musei quasi technicae artis paedagogicae. Yekaterinburg, Russia. 2012. P. 16. (In Russian)

Medvedeva E.B. Museum paedagogium in Germania et Russia: Historia et modernitas. Textus. M.: APRIKT. 2003. P. 92. (In Russian)

Tuyakbayev M.K. Monumenta aenea // Bulletin of Yasawi University. Turkestan. 2002. No. 3. pp. 82-85. (In Kazakh)

Tuyakbayev M.K., Tursynov A.Kh. Civitates Turkestanicae per magnam viam sericam. Turcica studia historica. No. 3. 2024. P. 113. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Тұрсынов Ағадил Хазретәліұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи мәдени қорық-музейі (53а үй, Әмір Темір көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы). Тарихи ескерткіштерді қорғау инспекторы. <https://orcid.org/0009-0006-1271-9698>. E-mail: turkistan@bilge.kz

Сведения об авторе: Тұрсынов Агадил Хазреталиевич – Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азирет Султан» (д. 53а, ул. Амир Темир, 161200 Туркестан, Республика Казахстан). Инспектор охраны исторических памятников. <https://orcid.org/0009-0006-1271-9698>. E-mail: turkistan@bilge.kz

Information about the author: Agadil K. Tursynov – «Azret Sultan» National Historical and Cultural Reserve-Museum (Amir Temir St. 53a, 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan). Inspector of historical monuments protection. <https://orcid.org/0009-0006-1271-9698>. E-mail: turkistan@bilge.kz

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.02.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 05.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.